

Педагогикалық кеңес

ХАТТАМА № 1

« 29 » тамыз 2023 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны – 26

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысы мен шешілген мәселелерін талдау.
2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер.
2. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту
3. Сынып жетекшілері мен кабинеттерін бекіту
4. Оқыту жүктемесінің бөлінуі (тарификация)
5. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.
6. Жұмыс оқу жоспарын бекіту. (ОЖЖ)
7. Шағын орталықтың жұмыс жоспары.
8. 2023-2024 оқу жылында тамақтандыруды ұйымдастыру.
9. 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды бекіту туралы
10. Мектептің өзін-өзі бағалауы және мемлекеттік аттестаттау туралы ақпаратты педагогтерге жеткізу.
11. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамын бекіту

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:

2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының мәселелерін айтып, талданды.

2023-2024 оқу жылына арналған мақсаты мен міндеттері, оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, ақпарат беріп өтті. Биылғы оқу жылында:

- оқушылардың білім сапасын 62 % -ға дейін арттыру (жыл қорытындысы бойынша жалпы білім сапасы 58 % болды. Былтырғы оқу жылына қарағанда білім сапасындағы оң динамиканы көрсетеді, яғни 5 % өсті.)

- мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру және мұғалімдердің біліктілік санаттарының пайыздық арақатынасын 63 % дейін арттыру.

- аудандық және облыстық конкурстарға қатысу үшін қатысушылар санын көбейту.

- Жас мамандарды бақылау процесінде әдістемелік көмек көрсету

Әдістемелік нұсқау хатта ерекше көңіл бөлінген тұстарымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құжаттармен жүзеге асырылатынын айтты: МЖМБС, Үлгілік оқу жоспарлары, Үлгілік оқу бағдарламасы, Әдістемелік нұсқау хат, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; - балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; - Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін

ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, сңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды А.Аксентова тыңдалды: --- Педагогикалық кеңес құрамын бекіту.

Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова сөз сөйледі:

2023-2024 оқу жылынан бастап ,яғни 1 қыркүйектен бастап мына кабинеттерге жауапты мұғалімдерді тағайындау (мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі):

№	Кабинеттер атауы	Жауапты
1	АӘТД	Хадылет Ө
2	Әкімшілік	Абдрахманова С.К
3	Тәлімгер	Жұмабай Б
4	Бастауыш сынып	Жаканова А.А
5	Бастауыш сынып	Джаканова А.А
6	Бастауыш сынып	Шоқыбаева А.К
7	Бастауыш сынып	Каркенова А.К
8	Кітапхана	Оспанова А.М Мажитова И.В
9	Орыс тілі мен әдебиет	Куц Е.А
10	Қазақ тілі мен әдебиет	Асылбеков Т.Ж
11	Ағылшын тілі	Адай М.Т Зейнуллина Н.М
12	Физика	Төленді И.Н
13	Информатика	Сарсембаева Д.К
14	Психология	Шокубасова А.М
15	География	Хурман М
16	Тарих	Набиева Д.К Парахатов Е.Ж
17	Химия	Хурман Б Жамышев А.Б
18	Мұғалімдер бөлмесі	Абдрахманова С.К
19	Спорт зал	Асанов А.Ж Смагулов Е.Ж

Мына мұғалімдерге сынып жетекшілікті беру (мектеп директоры бұйрығымен бекіту):

сынып	Сынып жетекші
Мектепдаярлық топ (0 а)	Досмағамбетова Ж.Ж
Мектепдаярлық топ (0 б)	Джаканова А.А
1 а сынып	Каркенова А.К
2 а сынып	Шоқыбаева А.К
2 б сынып	Жаканова А.А
3 а сынып	Қақтай Гулжазира
3 б сынып	Жаканова А.А
4 а сынып	Досмағамбетова Ж.Ж
4 б сынып	Джаканова А.А
5 а сынып	Адай М.Т
6 а сынып	Хурман Марияш
7 а сынып	Райымбек С.Р
7 б сынып	Шокубасова А.М

8 а сынып	Смагулова М.Ш
9 а сынып	Асылбеков Т.Ж
9 б сынып	Шокубасова А.М
10 а сынып	Жұмабай Б
11 б сынып	Куц Е.А

Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова мен оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: 2023-2024 оқу жылындағы сыныптардың құрылымы бойынша ақпарат берді, мектеп директоры (ақпарат қоса жазылған) 2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің оқу жүктемесі туралы айтылды.

Әр пән мұғалімі өзінің жүктемесімен таныстырылды. (Тарификация қосымша салынды)

Ваканция тұрған сағаттар туралы айтылды. Мына пәндерге мұғалім жоқтығынан мына мұғалімдерге сағаттарды беру туралы айтылды:

Пән атауы	Сынып /Сағат саны	Беретін мұғалім
Орыс тілі мен әдебиет	4 б -2 сағат 7 а -3 сағат	Жаксыбаева А.К
география	7 б – 2 сағат 9 б -2 сағат 11 б – 2 сағат	Набиева Д.К
Коркем еңбек	5 а-2 сағат 6 а-2 сағат	Қақтай Гүлжазира
	6 б-2 сағат 7 а-1 сағат 7 б-1 сағат 8а- 1 сағат 9 а-1 сағат 9б-1 сағат	Хурман Марияш

Бесінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды

Мектептің жылдық жоспарымен таныстырды. Әр ай сайынғы мектепшілік жоспар бойынша жұмыс жүргізілетіні туралы айтылды. Өткізілген іс-шаралардың анықтамасы, хаттамасы, ақпараты болу керектігі туралы айтылды. (мектептің жылдық жоспары слайд ретінде көрсетілді)

Алтыншы сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: мектептің оқу жұмыс жоспары бойынша (ОЖЖ) Әр сыныптың сағат саны. (қосымша ақпарат салынды)

Жетінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды:

Шағын орталықтың жұмыс жоспары бойынша айтылды. (жоспары бар)

Сегізінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:

2023-2024 оқу жылына тамақтандыруды ұйымдастыру туралы сөз алды. Биылғы оқу жылында 1-4 сыныптың барлық оқушылары тегін тамақпен тамақтанады. Әлеуметтік жағдай нашар, көп балалы ата аналардың балалары тамақтанады. (балалар тізімі көрсетілген) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 19-тармағына сәйкес жергілікті өкілетті органдар Қазақстан Республикасы заңдылықтарымен қарастырылғандай жекелеген санаттағы оқитындар үшін жеңілдетілген және тегін тамақты ұйымдастырады. Білім беру мекемелерінде тамақты ұйымдастыру үшін жағдай жасалынады. Қазіргі заманғы мектеп оқушыларының өсуіндегі жоғары жылдамдық пен ақпараттық, психоэмоционалдық және ақыл-ой жүктемесінің күн санап артуы, әсіресе белок, витаминдер мен микроэлементтер сияқты тағамдық заттардың жеткілікті мөлшерінің тамақ арқылы тұрақты түсін отыруын талап етеді. Осыған байланысты мектеп оқушыларының құнарлы тамақтануы – мектеп бағдарламаларын жақсы меңгеру сапасын анықтайтын, толыққанды дене бітімі мен ақыл-ой дамуына қажетті жағдай жасайтын және өскелең ұрпақтың денсаулығының негізін қалайтын білім беру үрдісінің міндетті элементі болып табылады. Тортанталық ас мәзірі жалпы білім беретін мектептерге ұсынылған. Мектеп асханаларында ұсынылған ас мәзірін қолдану тамақтың әртүрлі болуы мен дайындалу технологиясын қадағалауға, рационның тағамдық тығыздығын әсіресе, үйдегі

тамақпен шектеулі түсетін антиоксиданттармен байытуға, дайын тамақтың сапасын бақылауды жақсартуға ықпал етеді. Мектеп асханаларында оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастырудың тәртібі Жалпы білім беретін мектептердің әкімшілігі оқушыларға ыстық тамақты ұйымдастырып, асхананы жалдаушы мектептегі сапалы және қауіпсіз ыстық тамақтануды қамтамасыз етеді.

Мектеп әкімшілігі оқушылардың тамақтану кестесін құрып, асханада әкімшілік кезекшілік орнатып, бастауын сыныптың сынып жетекшілері оқушылардың тамақтануын қадағалау. Сонымен қатар:

- 1) ас үйдің санитарлық жағдайын;
- 2) мектеп асханасының, буфеттің эстетикалық безендірілуі, ас үйдің қазіргі заманғы дизайны мен мектеп эргономикасы талаптарына сай жабдықталуын;
- 3) азық-түліктердің сақталу жағдайы мен тұтыну мерзімін қадағалауды;
- 4) ас үйге түсетін тез бұзылатын азық-түліктердің сапасын бақылау журналының дұрыс әрі толық толтырылуын;
- 5) ас дайындау технологиясы мен азықтың суықтай өңделу ережесін қадағалауды;
- 6) шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақтылы толтырылуын;
- 7) азық-түліктер жаймаасы бар тағам картотекасының болуы мен ас үй жұмысшыларының оны үнемі пайдалануын;
- 8) бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігін;
- 9) ас үй құжаттарының болуы мен толтырылу жағдайын, сонымен қатар ас үй қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшасын;
- 10) кез-келген уақытта шаруашылық қызметтеріне араласпай қызмет көрсету барысы мен сапасын қадағалап, бақылау жүргізіп отырады.

Мектеп мейірбикесінің міндеті:

- 1) әрбір тамақ әзірлеген қазаннан тікелей тамақ сынамасын алып, оқушыларға таратуға болатыны мен сапасы туралы бракераждық журналға жазады;
- 2) жүйелі түрде (төспінен) тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымын тексеру;
- 3) тәуліктік сынама алу мен сақтауды қамтамасыз ету;
- 4) ата-аналар мен басқа бақылаушылар тарапынан түскен талап-тілектер мен өтініштер журналындағы мәліметтермен танысу.

«Жалдаушы»:

- 1) бекітілген не мәзіріне сәйкес оқушыларға ыстық тамақтануды ұйымдастырады;
- 2) қолданылып жүрген заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азықтар жеткізеді;
- 3) бөлмелер мен құрал-жабдықтардың қоғамдық тамақтандыру мекемелеріне арналған қолданылып жүрген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай санитарлық жағдайда болуын қамтамасыз етеді;
- 4) сапасы төмен, ақауы бар азықтарды өз есебінен алмастырып, алмастыру мүмкін болмаған жағдайда тиімді өндірушіге немесе сауда желісіне кері қайтарады;
- 5) тез бұзылатын азық-түліктерді сақтау, тарату мерзімін бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкестігін қадағалау;

Тамақ таратушылар үлестіру кезінде тамаққа қолдарын тигізбей, екінші тағам, гарнирлерді арнайы қасық, шанышқылармен салуы тиіс.

Күнделікті ас үйде әзірленген дайын тамақтың тәуліктік сынамалары, қажеттілігіне қарай зертханалық бақылаулар үшін қалдырылып отырады.

Күнделікті мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышының қасында, әрбір ата-ана баласы бүгін қандай тамақ ішіп-жегенін білуі үшін ас мәзірі ілініп тұрады.

Тоғызыншы сұрақ бойынша С.Абдрахманова сөз алды:2023-2024 оқу жылына арналған КТЖ 10.09 бөліну керектігі туралы ұсыныс берілді. КТЖ уақытында Күнделік КЗ жүктеу.Нән мүдәлімдеріне нұсқау айтылды.

Онныншы сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова сойледі:

Мектептің өзін-өзі бағалауы және мемлекеттік аттестаттау туралы ақпаратты педагогтерге жеткізді. Осы мәселе бойынша мектеп директоры сөз сөйлеп, мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымның назарына жеткізді.

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау "Білім туралы" ҚР Заңының және "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының негізінде жүргізіледі

2. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алдыңғы мемлекеттік аттестаттау болып табымайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау білім беру ұйымдарында оқу нәтижелерін бағалау рәсімінсіз жүргізіледі, бұл ретте бағаланатын кезең білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, толық оқу жылы болып табылады;

3. Мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы білім беру ұйымдарын бағалау білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалау рәсімін қолдана отырып жүргізіледі, бұл ретте мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын алдыңғы екі оқу жылы және ағымдағы оқу жылы бағаланатын кезең болып табылады.

Оқу нәтижелеріне бағдарлап отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына критерийлер:

1. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) және үлгілік оқу жоспарымен бекітілген жұмыс оқу жоспарының, білім беру ұйымының басшысы бекіткен сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жаңшыға міндетті стандарттарының талаптарының болуы және сәйкестігі Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім (бұдан әрі - ТБТ);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі - ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің бағалық мазмұнын игеру;

3. білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен Таным мәселелерін шешуге, ұлттық мұрагерлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды елімізге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

4. білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетиканың еңбегі және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру;

5. білім алушылардан жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқылуды іске асыру (өзін-өзі тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

6. білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

7. ТОВ сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компонентті таңдау және таңдау курстарын жүзеге асыру;

8. "Өмір қауіпсіздігі негіздері" міндетті оқу курсы оқу;

9. "Жалпқауіпсіздік ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

10. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растаушы құжаттар тізібесін (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сақтау №30721 актілер).

Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер:

1. ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде

тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім берудің тиісті деңгейіндегі әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) құқықтық актілер №29031);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №13137 болып тіркелген) бекітілген білім алушылардың білімін бағалау олшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;



3. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №29031 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың және әлеуметтік бейімделудің бұзылуын түзету);

4. 4,9 сынып оқушыларының тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген оқытудың және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің күтілетін нәтижелерінің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Он бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Акситова мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрылсын.

Қаулы етілді:

1. 2023-2024 оқу жылына арналған жоспармен жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Педагогикалық топтың құрамы бекітілсін.
3. Сынып жетекшілері бекітілеі, оқу кабинеттеріне жауапты мұғалімдер тағайындалсын.
4. Оқыту жүктемесін (116 сағат) бекітілсін. (тарификация)
5. Жылдық жұмыс жоспарын жоспарлы түрде орындалсын.
6. Жұмыс оқу жоспарын бекітілсін. (ОЖЖ)
7. Шағын орталықтың жұмыс жоспары қаралсын.
8. 2023-2024 оқу жылында тамақтандыру ұйымдастырылсын.
9. 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарлар бекітілсін.
10. Мектеп ұжымы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау және мемлекеттік аттестаттау туралы Ережемен таныстырып бақылау есептелеің.
11. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

Педагогикалық топтың құрамы  А.Акситова
Методтық  І.Молдагайсина

